



**«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің»
«№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

**Мектепке дейінгі жастағы балаларды
тәрбиелеу мен оқыту барысында
қолданылатын вариативтік компонент-1 (36 сағат)
«Сиқырлы дыбыстар»
Мектепалды даярлық №1 «Ақжелкен» тобы**

Топ тәрбиешісі: Турдалиева Г.С.

2021-2022 оқу жылы

«Келісілді»
«№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы»
КМЖК әдіскері
 Сұлтанғалиева Г.К.

«Бекітілді»
«№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы»
КМЖК меңгерушісінің у.м.а:
 Бағытжанова Б.С.

**Мектепке дейінгі жастағы балаларды
тәрбиелеу мен оқыту барысында қолданылатын
вариативтік компонент-1 (36 сағат)
«Сықырлы дыбыстар»
Мектепалды даярлық №1 «Ақжелкен» тобы**

Топ тәрбиешісі: Турдалиева Г.С.

Мақсаты: Мектеп жасындағы бүлдіршіндердің дыбыстарды ажырата білуге, әріптерді тануға үйрету. Сөздің грамматикалық формасын қалыптастыру.

Міндеттері:

- жекелеген дыбыстарды айта білуге, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға үйрету;
- буындап оқуды меңгерту;
- жазуға үйретуге даярлық.

Күтілетін нәтиже:

- тілдегі дыбыстарды анық, таза, дұрыс айтып, бір-бірінен ажырата біледі;
- қарапайым графикалық біліктері қалыптасады.

Мектептегі оқыту үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты - балаға хат таныту, яғни оған оқу мен жазуды үйрету. Сауат ашу - аса жауапты да күрделі жұмыс. Өйткені сауат ашу кезеңінде балалар дыбысты әріппен таңбалай білуге (фонетика-графикалық жазуға) үйретіліп қоймайды, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Сауат ашудың міндеті әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса, солай жазбай, оңға қарай біркелкі көлбеу, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті де тұр. Осы талаптарды орындау негізінде ересек топтардың вариативтік компонентіне «Сиқырлы дыбыстар» тақырыбын алып отырмыз.

№	Жоспар тақырыбы	Мақсаты	Әдіс-тәсілдері	Көрнекіліктері	Сағат	Күні
---	-----------------	---------	----------------	----------------	-------	------

1	«Кім солай сөйлейді»	Жануарларды даусынан айыра білуге және дауыстарын еліктеуге үйрету.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Доп	1	
2	«Сөзде неше дыбыс бар?» «Бұл не қылған дыбыс?»	Баланы бір дыбысты бір дыбыстан және сөздің басындағы дыбысты ажыратуға үйрету	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Бірдей дыбыстан басталатын суреттердің аттары	1	
3	«Сөйлемді жалғастыр»	Балаларды ойлау қабілеттерін дамыту. Байланыстырып сөйлеуге үйрету.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Суреттер	1	
4	«Ұйықтама, сөзді тез ата»	Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Бастапқы дыбысын басқа дыбыстардан ажырата білуін және басқа сөздегі осы дыбыстармен сәйкестіруін дамыту.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Бір дыбыстан басталатын суреттердің атаулары	1	
5	«Дыбыс қайда тығылды?»	Фонематикалық есту қабілеттерін дамыту, сөздегі дыбыстың орнын анықтау.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Суреттер, әріптер	1	
6	«Суретті таңда»	Берілген сөзге суретті тауып көрсету.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Берілген дыбыстан басталатын сөздері бар заттық суреттер	1	
7	«Суретті тіз»	Сөздегі бірінші дыбысты анықтап айтуға үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Әр түрлі дыбыстан басталатын заттық суреттер	1	
8	«Кім жақсы тыңдайды?»	Есту зейінділігін, фонематикалық қабылдауын дамыту. Балаларға сөздегі дыбыстарды естіп ажыратуға, сөйлемде керекті сөздерді дұрыс белгілеп үйрету.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Үнтаспа ойыншықтар	1	
9	«Сөздер дыбыстап және ақырын айтылады»	Дауыс аппаратын және сөйлеу тілінің есту қабілетін дамыту. Сөздерді жылдамдығына, дауыс жоғарылығына қарай естіп ажыратуға үйрету. Әр жылдамдықпен дауыс жоғарылығымен айтып жаттықтыру.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Жұмбақтар кітапшасы.	1	
10	«Дыбыстық артикуляция»	Балаларға мәтінді оқу арқылы дыбыстық артикуляциясын үйрету. Р дыбысының айтылуын қадағалау.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Оқулық, жаңылтпаштар жинағы	1	
11	«Кім зейінді?»	Балалардың ойын арқылы ойлау қабілетін, қиялын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Суретт, ойыншықтар	1	
12	«Жұбын ата»	Әр айтылған сөздің бірінші	Түсіндіру,	Әріптер	1	

		дыбысының жұбын тауып, сөз өзгерту, балалардың ойлау қабілетін дамыту, ойынға қызығушылығын арттыру.	көрсету, сұрақ-жауап	топтамасы		
13	«Кім тез шешеді?»	Балалардың жұмбақ шешуін табу, шешуінде Қ дыбысы сөздің қай жерде тұрғанын табу арқылы ой-өрістерін дамыту, сөздік қорын молайту.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Жұмбақтар жинағы	1	
14	«Ойлан тап»	Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуін жалғастыру.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Түрлі түсті текшелер, әріптер	1	
15	«Сөз өзгерту ойыны»	Балаларға сөздің бірінші дыбысын басқа дыбыспен алмастыра отырып сөз ойлауға үйрету. Ойлау қабілетін дамыту. Өтілген дыбыстар туралы балалардың білімдерін бекіту.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Кеспе әріптер	1	
16	«Буынды жалғастыр, қандай сөз пайда болады?»	Балалардың жылдам ойлау қабілетін арттыру. Қиялын дамыту, сөздік қорын молайту.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Буындар, түсті жалаушалар	1	
17	«Кім тапқыр?»	Берліген дыбыстың орнын таба білуге машықтандыру, зейінді болуға, түстерді ажыратып, тапқырлыққа баулу.	Түсіндіру, , сұрақ-жауап	Түрлі-түсті суреттер, ойыншықтар, жалаулар	1	
18	«Қарама-қарсы сөздер»	Антоним сөздерді салыстыру арқылы ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін, сөздік қорын молайту.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Доп, карточкалар	1	
19	«Сөз ойла, тез ойла»	Берілген дыбысқа сөз ойлап, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Сөздік қорын молайтып, тапқырлыққа баулу	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Кеспе әріптер қалтасы, текшелер сандығы	1	
20	«Кім зейінді?»	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға үйрету. Байқағыштық қасиетін дамыту	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Әр түрлі суреттер, текшелер	1	
21	«Буынға әріп қос»	Берілген буынға әріп қоса отырып, жаңа сөз ойлап табу.сөздік қорын молайтып, білімдерін кеңейту.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Схема, суреттер	1	
22	«Затты сипатта»	Заттарды көріп сипаттау арқылы сезімталдығын дамыту.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Ыдыс, муляж, сурет (көкөніс, жемістер)	1	
23	«Әріптер әлемі»	Үйренген әріптерін қайталап, үлкен және кіші әріптерді ажырата білуге үйрету.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Бас әріптер, кіші әріптер жазылған	1	

				карточкалар, кубиктер, магнитті тақта		
24	«Буынға буын қос»	Басталған буынға буын қосып, сөз құрастырып айта білуге, шапшаңдылыққа, зейінділікке баулу.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Ұсақ жалаушалар, ойыншықтар.	1	
25	«Жаңылтпаштарды жаңылмай айтам»	Жаңылтпаштарды айту арқылы дыбыстарды дұрыс айтылуын қалыптастыру.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Жаңылтпаш, жинағы, заттық суреттер	1	
26	«Шатыспақ»	Өтілген дыбыстарды қайталап, пысықтау	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Әріптер текшелері	1	
27	«Сөйлемей көрейікші»	Балаларды сөйлемей, ымдап түсіндіруге үйрету. Мимикалық дағдыларын жетілдіру.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Жемістер мен көкөністердің муляждары	1	
28	«Айырмашылығын тап»	2 бірдей суреттердің айырмашылығын табуға үйрету. Зейінділікке баулу.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	2 бірдей суреттер топтамасы	1	
29	«Ойыншықтар қандай дыбыстан басталады?»	Суреттердің заттарды атап, егер сөз дауысты дыбыстан басталса, қызыл текше, дауыссыз дыбыстардан басталса, көк текшемен жапсыру.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Қызыл және көк текшелер	1	
30	«Отбасы мүшелеріне Н дыбысынан басталатын ат қойындар».	Балалардың дыбыстарды ажырата білу дағдысын дамытып, берілген дыбысқа адамдардың есімдерін ойлап табуға үйрету.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Отбасы мүшелерінің суреттері	1	
31	«Таныс әріптерді бояндар»	Балалармен өткен әріптерді пысықтай келе, оларды дұрыс тауып, бояй білуге үйрету. Саусақ қимылдарын жетілдіру.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Үлестірмелі құралдар түрлі түсті қарындаштар	1	
32	«Суреттегі заттарды атап, қимыл-қозғалыстарым ең байланыстырындар»	Суреттегі бейнелерді атап, олардың қалай қозғалатынын іс-қимылдарымен көрсету. Зейінділікке, шапшаңдыққа баулу.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету	Әр түрлі жануарлардың суреттер	1	
33	«Буындардан сөз құраңдар»	Өткен дыбыстарды қайталай отырып, буынды буынға қосу арқылы жаңа сөз құрауға үйрету.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Буындар	1	
34	«Заттардың қасиетін атап, сызықпен қосыңдар».	Әр заттардың атын атай отырып, олардың қасиеттеріне сай суретке сызықпен қосу.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Тақырыптық суреттер топтамасы	1	
35	«Түсіп қалған әріптердің	Сөздің мағынасын ажырата отырып, сөздегі жетіспейтін	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Әріп жазылған	1	

	атаңдар»	әріпті табуға үйрету.		текшелер		
36	«Сөзжұмбақ»	Балалардың логикалық ойлау қабілетін жетілдіру.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Ребустар, сөзжұмбақ»	1	

Пайдаланылған әдістемелік құралдар:

1.5+ Тіл дамыту.Сауат ашу және жазу негіздері әдістемелік құрал.
Алматыкітап-2014ж

2.5 жастан бастап 6 жасқа дейінгі балалармен ұйымдасқан оқу ісін жүргізу
бойынша әдістемелік нұсқаулар. «Шикула және К»-2013ж